

Ғ. Әнес¹, О. Сөйлемез², Ә. Қабылов^{*3}

¹Саяси қуғын-сүргін құрбандары музейі, Алматы, Қазақстан,
²Кастамону университеті, Кастамону, Түркия,

³Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау, Қазақстан

E-mail: ¹anes_gk@mail.ru, ²soylemezo@yahoo.com, ³adlet_kabylov@mail.ru
ORCID: ¹0000-0002-6844-8675, ²0000-0001-8382-3173, ³0000-0002-9960-2380

Ә.КЕКІЛБАЕВТЫҢ «АБЫЛАЙ ХАН» ДРАМАСЫНЫҢ ИДЕЯЛЫҚ-КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Драматургия – әлемдік әдебиетте ертеден келе жатқан жанр. Қазақ әдебиетінде ХХ ғасырдың 20-жылдарында бой көрсетіп, Ж.Аймауытов, Қ.Кемелгерев, М.Әуезов, С.Сейфуллин, Б.Майлин, Ж.Шанин т.б. қалыптастырып, кейін Ғ.Мүсірепов, С.Мұқанов, М.Ақынжанов, Ә.Тәжібаев, Ә.Әбішев т.б. ұлттық драматургиямызды дамытқан көптеген шығармалар жазды. Қазақ драматургиясындағы бір өнімді сала – тарихи тұлғаларға арналған драмалық шығармалар. Б.Майлин мен Ғ.Мүсірепов бірігіп жазған «Амангелді», М.Ақынжановтың «Исатай-Махамбет», М.Әуезовтің «Абай» пьесаларынан бастап, Ғ.Мүсіреповтің «Ақан сері – Ақтоқты», М.Ақынжановтың «Ыбырай Алтынсарин», С.Мұқановтың «Шоқан Уәлиханов», Ә.Тәжібаевтың «Майра» пьесалары сияқты көптеген шығармалар тарихи тақырыпқа жазылды. Тәуелсіздік кезеңінде жазылған тарихи тұлғаларға арналған драмалық шығармалардың бірі – Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ә.Кекілбаевтың «Абылай» халықтық қаһармандық драмалық дастаны. Бұл туындының тәуелсіздіктің бастапқы жылдарында (1997) мемлекеттік тапсырыспен жазылып, сахналануы еліміздің рухани өміріндегі айтулы оқиға болды. Шығармашылық ғұмырында әлемдік драматургияның көптеген шығармаларын қазақ тіліне аударып, үлкен тәжірибе мектебінен өткен, драматургия табиғатын үңіле зерделеген жазушының бұл туындысы – драматургиядағы біреу болса да, бірегей шығармасы. Бұл пьесада қазақ халқының ХVIII ғасырдағы жоңғарларға қарсы азаттық үшін жүргізген күресі, Абылай секілді ел қамын ойлаған ерлердің іс-әрекеттері суреттеледі. Абылай хан – қазақ тарихындағы ерекше маңызға ие тұлға. Жазушы романдарында да осындай ел тағдыры талқыға түскен шақтарда ерен еңбегімен есте қалған хандар мен батыр-билердің образдарын жасағаны белгілі. Абылай секілді қазақтың басын біріктіріп, басқыншы жауға қарсы күреске жұмылдырып, халықты елдікке үндеген тұлғаның бейнесін жан-жақты ашу үшін жазушы кең құлашты прозаның оқиғасын зор шеберлікпен, асқақ өршіл патриоттық пафоспен берегей драманың ауқымына сыйғыза білген. Ақ өлең үлгісінде жазылған төрт көріністі бұл пьеса азаттық аңсаған халықтың басына түскен ауыртпалықты, сол қиындықтан жол тауып шыға білген, ерлігімен де, ақыл-айласымен де елді ұйыстыра білген Абылайдай ел көсемінің бейнесін шынайы бейнелейді. Мақалада «Абылай хан» драмасының тақырыптық ауқымы, идеялық-көркемдік ерекшеліктері, кейіпкерлер жүйесі, оқиғалар мен тартыс табиғаты, көркемдік шешім арналары жан-жақты талданады. Шығарманың композициялық жүйесі, әр көріністегі оқиғалардың шынайылығы мен кейіпкер іс-әрекеттерінің қисындылығы, драмалық тартыс пен көркемдік шешім арақатынасы қарастырылып, қаламгердің драматургтік шеберлік қырлары пайымдалады. Драманың патриоттық мәні мен халқымыздың рухани өміріндегі маңызы зерделенеді.

Алғыс: Мақала ҚР ҒЖБМ министрлігі Ғылым комитетінің 2023-2025 жылдарға арналған АР19678872 «Әбіш Кекілбаев шығармашылығы қоғамдық сананы жаңғыруы контекстінде» гранттық жобасы аясында дайындалды.

Кілт сөздер: драматургия, драма жанры, персонаж, кейіпкерлер жүйесі, тақырып пен идея, көркемдік шешім, тартыс, оқиға

G. Anes¹, O. Soilemez², A. Kabylov^{*3}

¹Museum of Victims of Political Repressions, Almaty, Kazakhstan,

²Kastamonu University, Kastamonu, Turkey,

³Caspian University of Technology and Engineering named after Sh. Yessenov, Aktau, Kazakhstan

E-mail: ¹anes_gk@mail.ru, ²soylemezo@yahoo.com, ³adlet_kabylov@mail.ru
ORCID: ¹0000-0002-6844-8675, ²0000-0001-8382-3173, ³0000-0002-9960-2380

Ideal-artistic originality of A. Kekilbayev's drama «Abylai khan»

Abstract. Dramaturgy is a long-standing genre in world literature. This genre was formed in Kazakh literature in the 20s of the twentieth century in the works of Zh. Aimauytov, K. Kemengerov, M. Auezov, S. Seifullin, B. Mailin, Zh. Mukanov, M. Akynzhanov, A. Tazhibaev, A. Abishev and others wrote many works that developed the national dramaturgy. One of the productive areas of Kazakh dramaturgy are dramatic works dedicated to historical figures, such as «Amangeldy» written jointly by B. Mailin and G. Musirepov, «Isatai-Mahambet» by M. Akynzhanov, «Abai» by M. Auezov, «Akan seri - Aktokti» G. Musirepova, «Ibray Altynsarin» by M. Akynzhanova, «Shokan Ualikhanov» by S. Mukanov, «Maira» by A. Tazhibaev and others. - heroic drama-poem of the national writer of Kazakhstan, laureate of the State Prize A. Kekilbaev. This work was written by state order at the beginning of independence (1997) and was a significant event in the spiritual life of the country. This work of the writer, who during his creative life translated many works of world dramaturgy into the Kazakh language, went through a great school of experience, deeply studied the nature of dramaturgy, is a unique work, although the only one in dramaturgy. This play describes the struggle of the Kazakh people for freedom against the Dzungars in the 18th century and the actions of people like Abylai Khan who took care of the country. Abylai Khan is a person of special significance in Kazakh history. It is known that in the writer's novels he portrays the images of khans and baryt-biys, who are remembered for their heroic deeds at a time when the fate of the country was discussed. In order to comprehensively reveal the image of a man who, like Abylai, united the Kazakh people, mobilized them to fight the invading enemy, rallied the people, appealed to the nation, the writer managed to adapt the story of wide-eared prose to the scope of a drama with great skill and ambitious patriotic pathos. This four-act performance, written in the style of white verse, realistically depicts the burden of a people striving for freedom, the image of the leader Abylai Khan, who managed to find a way out of this difficulty and organize the country with his courage and wisdom. The article comprehensively analyzes the thematic coverage, ideological and artistic originality, the system of characters, the nature of events and conflicts, the peculiarity of the artistic solution of the drama «Abylay Khan». The compositional structure of the work, the logic of the actions of the characters in each scene, the relationship between the dramatic conflict and the artistic decision are considered, the writer's dramatic skills are considered. The patriotic meaning of the drama and its significance in the spiritual life of our people are being explored.

Acknowledgments: The scientific article was prepared within the framework of the grant project AP19678872 «Abish Kekilbaev's work in the context of the modernization of public consciousness»

Keywords: dramaturgy, drama, character, system of characters, theme and idea, artistic solution, conflict, event

Г. Анес¹, О. Соилемез², А. Кабылов^{*3}

¹Музей жертв политических репрессий, Алматы, Казахстан,

²Кастамону университет, Кастамону, Турция,

³Каспийский университет технологии и инжиниринга имени Ш.Есенова, Актау, Казахстан

E-mail: ¹anes_gk@mail.ru, ²soylemezo@yahoo.com, ³adlet_kabylov@mail.ru
ORCID: ¹0000-0002-6844-8675, ²0000-0001-8382-3173, ³0000-0002-9960-2380

Идеально-художественное своеобразие драмы А. Кекилбаева «Абылай хан»

Аннотация. Драматургия – давний жанр в мировой литературе. Этот жанр сформировался в казахской литературе в 20-е годы XX века в творчествах Ж.Аймауытова, К.Кеменгерова, М.Ауэзова,

С.Сейфуллина, Б.Майлина, Ж.Шанина и др., а затем Г.Мусирепов, С.Муқанов, М.Ақынжанов, А.Тажібәев, А.Абишев и др. написали много произведений, развивавших национальную драматургию. Одним из продуктивных направлений казахской драматургии являются драматические произведения, посвященные историческим личностям, как «Амангелды» написанный совместно Б.Майлиным и Г.Мусиреповым, «Исатай-Махамбет» М.Ақынжанова, «Абай» М.Ауэзова, «Ақан сери – Ақтоқты» Г.Мусирепова, «Ибрай Алтынсарин» М.Ақынжанова, «Шоқан Уәлиханов» С.Муқанова, «Майра» А.Тажібәева и др. Одним из драматических произведений, посвященных историческим личностям, написанным в период независимости, является «Абылай хан», народно-героическая драма-поэма народного писателя Казахстана, лауреата Государственной премии А. Кекилбаева. Это произведение было написано по госзаказу в начале независимости (1997 г.) и явилось значительным событием в духовной жизни страны. Это произведение писателя, который за свою творческую жизнь перевел на казахский язык многие произведения мировой драматургии, прошел большую школу опыта, глубоко изучил природу драматургии, является произведением уникальным, хотя и единственным в драматургии. В этой пьесе описывается борьба казахского народа за свободу против джунгар в XVIII веке и действия таких людей, как Абылай хан, заботившихся о стране. Абылай хан – личность особой значимости в казахской истории. Известно, что в романах писателя он изображает образы ханов и батыр-биев, которые запомнились своими героическими подвигами во времена, когда обсуждались судьбы страны. Для того чтобы всесторонне раскрыть образ человека, который, подобно Абылаю, объединил казахский народ, мобилизовал его на борьбу с вторгшимся врагом, сплотил народ, воззвал к нации, писателю удалось адаптировать рассказ широкой прозы до размаха драмы с большим мастерством и честлюбивым патриотическим пафосом. В этом четырехактном спектакле, написанном в стиле белого стиха, реалистично изображено бремя стремящегося к свободе народа, образ вождя Абылай хана, сумевшего найти выход из этого затруднения и организовать страну с его храбростью и мудростью. В статье всесторонне анализируются тематический охват, идейно-художественные своеобразие, система персонажей, характер событий и конфликтов, особенность художественного решения драмы «Абылай хан». Рассмотрены композиционный строй произведения, логичность действий персонажей в каждой сцене, взаимосвязь драматургического конфликта и художественного решения, рассмотрены драматургические навыки писателя. Исследуется патриотический смысл драмы и ее значение в духовной жизни нашего народа.

Благодарности: Статья подготовлена в рамках грантового проекта AP19678872 «Творчество Абиша Кекилбаева в контексте модернизация общественного сознания»

Ключевые слова: драматургия, драма, персонаж, система персонажей, тема и идея, художественное решение, конфликт, событие

1. Кіріспе

Қазақ әдебиетінің барлық жанрында белсене қалам тербеген Ә.Кекілбаев драматургияның дамуына да үлес қосты. Әлем драматургтерінен оқып-үйренумен қатар, драматургия классиктерінен У.Шекспирдің «Ромео мен Джулетта», «Кориолан», «Король Лир», В.А.Бүэроның «Бүгін мейрам, бүгін той», Карл Гоццидің «Тұранбике ханшайым», А.Чеховтің «Ваня ағай», Макс Фриштің «Ғылым қуған Дон Жуан», Г.Ибсеннің «Үрей» сынды драмалық шығармаларын қазақ тіліне аударды, олар еліміздің көптеген сахналарында қойылып, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Қазақ тіліне жатық аударылып, сахна тілінің ерекшеліктерімен жасанған бұл аудармалар қаламгердің драма жанрының ерекшеліктерін пайымдап, суреткерлік тәжірибесін байытқаны сөзсіз. Поэзия мен прозада ерекше талантымен танылған жазушының «Абылай хан» пьесасын асқан шеберлікпен жазып шығуы бұл салаға жақсы дайындықпен келгенін көрсетеді.

«...Уақиға көз алдымызда болып, адамдардың тіршілік жүзінде айтысып-тартысып өмір шеккенін көреміз. Тіршілік майданында адамдардың ақылы жеткенше амалдап,

қайратына қарай қару қылып, алысқаны, арбағаны, қуанғаны, жылағаны, ойнағаны, күлгені, сүйінгені, күйінгені, жауласқаны, дауласқаны, бітискені, жарасқаны өмір жүзіндегідей көрініп, көз алдыңнан өтеді» (Байтұрсынов, 2003:175), – деп А.Байтұрсынов айтқандай, қазақ тарихындағы сол бір қиын кезеңнің шындығын көрермендердің көз алдынан өткізетіндей, Абылай ханның, батырлар мен билердің, тағы да басқа персонаждардың бейнесі арқылы Тәуелсіздіктің ауыр жолын көркем жаңғыртуды мақсат еткен автордың алға қойған мақсатын орындап шыққанын көреміз.

«Жазушының тарихи шығармаларға бет бұруы және оны көпшілік сұранысын қанағаттандыратындай деңгейде жазуы, қиыры мен шиыры мол оқиғаны жүйелі баяндауы мен елді рухани тәрбиелеу арнасына бұру, ұлтжандылықты, ел мұратын асқақтата отырып, өсіп келе жатқан ұрпақ бойына шым-шымдап сіңіруі тұлғаның ел алдындағы перзенттік парызын көрсетсе керек» (Дәркенов, 2019: 160).

Ә.Кекілбаев көркем әдебиет пен публицистикада қазақ халқының дара тұлғаларының үлкен галереясын жасады. Ол сомдаған Шыңғыс хан, Ақсақ Темір, Әбілқайыр, Абылай хан, Барақ сұлтан, Төле би, Қазыбек би, Махамбет т.б. тарихи тұлғалар образдары – өткен дәуірдің тарихи шындығын деректілікпен әрі көркемдік шындықпен жеткізген бейнелер болды. «Үркер», «Елең-алаң», «Аңыздың ақыры» тарихи романдары мен «Шандоз», «Талайғы Тараз» сияқты тарихи-танымдық еңбектерінде, сондай-ақ мақалаларында қазақ тарихының сан алуан мәселелерін көтеріп, көптеген тарихи тұлғалардың образдарын сомдады. Солардың ішінде XVIII ғасырдағы қазақ даласында болған оқиғаларды, халықтың азаттық үшін ерлікпен күрескен тарихи кезеңін бейнелейтін «Абылай хан» драмасының орны бөлек.

«Абылай хан» халықтық қаһармандық драмалық дастаны – елдік пен ерліктің туын көтеріп, халық бірлігі мен тәуелсіздік жолындағы күресін паш ететін кесек туынды. Жазушы бұл тарихи драма-дастанында саяси ірі тұлғаның Әбілмансұрдан Абылай ханға дейінгі аралығын, өсу баспалдағы – даму эволюциясын, яғни жастық кезеңінен ерлігімен көзге түсіп танылып, одан ел тізгінін қолына алып хан сайланған өмір жолын түрлі оқиғалар ортасында, әлеуметтік-саяси, психологиялық-моральдық сарында, қилы ортадағы персонаждардың қақтығысы мен талас-тартысын арнасында бейнелеп, қазіргі қазақ оқырманы мен көрерменінің тарихи санасында жаңғыртуды мақсат етеді.

2. Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысында Ә.Кекілбаевтың 1999 жылы «Арыс» баспасынан жарық көрген «Ғапыл дүние» жинағындағы «Абылай хан» халықтық қаһармандық драмалық дастанының мәтіні негізге алынып, талданатын материалдың ерекшелігі мен алға қойылған міндеттерге қарай әдеби талдау, интерпретациялық, баяндау, сипаттау мен жинақтау, салыстырмалы және стилистикалық талдау әдістері қолданылды. Зерттеудің ғылыми-теориялық негізі ретінде әдебиеттанушы ғалымдар мен қаламгерлер А.Байтұрсынов, З.Қабдолов, С.Қирабаев, Р.Нұрғалиев, А.Иезуитов, Ш.Бейсенова, Б.Тоғысбайұлы т.б. ой-тұжырымдарына сүйендік.

2.1 Зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысында тарихи әдіс, салыстыру мен зерделеу, структуралық талдау принциптерін қолдана отырып, пьесадағы персонаждар табиғатын ашуға, образ

сомдау ерекшеліктерін, сол дәуірдің басты элеуметтік-саяси проблемаларын тануға көңіл бөлінді. Әдеби шығарманың тақырыптық-идеялық сипатына назар аударып отырып, тәуелсіздік үшін күрес, елдік мүдде пен ерлік әрекеттер, пьесадағы патриотизм проблемалары, реалистік образдардың шынайылығы мен шығарманың көркемдік деңгейі анықталды.

2.2 Материалға сипаттама

«Абылай хан» қаһармандық драмалық дастаны – ақ өлең үлгісімен жазылған төрт көріністі пьеса. Шығарманы өлеңмен жазу арқылы автор суреткерлік мақсатына орай көркемдік-мазмұндық тұрғыдан ұтқырлық көрсетеді. Біріншіден, заманының сипатына сай, қашан да ұшқырлық танытқан өлең сөз қазақтың жүрегіне жақын бейнелеу мен толғам арналарын неғұрлым айқын жеткізіп отырады. Екіншіден, Абылай ханның ақылшысы болған әрі пьесада жиі көрініп отыратын, сөз маржанын тере сөйлейтін Бұқар жыраудың пайымдары мен насихат сөздері жиі естілетіндіктен де шығарма өзегі өлеңге сұранып тұрғандай. Үшіншіден, белгілі бір кезеңнің ауқымды оқиғалары мен кейіпкерлердің ой-тұжырымдарын қамтитын шығармада аз сөзге көп мағына сыйғызып, іс-әрекет пен тартыстар аясындағы таным мен пайымды жинақтап көрсетуде де өлең формасы ілкімділік танытады.

«Қазақтың ұлттық драматургиясында Жүсіпбек Аймауытов бастап жазған өлең мен ұйқасты проза тілінде жазылған шығармалар дәстүрін кейін жоғалтып алған сияқты едік. Оны Мұхтар, Ғабит, Әбділда сияқты қаламгерлер пайдаланған. Солармен бірге кеткендей болған осы көркемдік үлгінің Әбіш пьесасымен қайта тірілгені қуантады. Тумысынан шешен, дау мен тартыстардың бәрінде билердің тіліне сүйенген диалог, монолог бүкіл халықтың рухынан туындайтын еді, Әбіш осыны тірілтті, әдемі жаңартты деп білеміз», – деп жазған болатын академик С.Қирабаев (Қирабаев, 2009: 21).

«Абылай хан» атты халықтық-қаһармандық сахналық дастаны еліміз тәуелсіздік алған тұста жасалды да, сол тәуелсіздік жолында қызмет еткен ел басшыларын көркем бейнелейді» (Қазақ әдебиетінің тарихы, 2005: 753-754). Абылай хан сияқты тарихи ірі тұлға туралы көркем шығарма жазу үшін жазушының драма жанрын таңдауының өзіндік себептері бар сияқты. Ел басшысы әрі ірі күрескер тұлғаның образын жасау үшін ол жеке-дара алынбай, сол кездегі тарихи-элеуметтік жағдайлар кең қамтылып, күрделі кезеңнің шындығын ашатындай орасан оқиғалар мен сандаған кейіпкерлердің бейнелері жасалуы керектігі белгілі. Оны суреттеу үшін прозаның кең құлашты баяндауы, сюжеттік-композициялық қарымы қажет. Ал жанр ерекшелігіне қарай, терең мағына мен ауқымды оқиғаларды нақты көрініс-әрекеттер арқылы кейіпкерлердің көз алдында шынайы көрсетуге бейім драманың мүмкіндігі мол. Оның үстіне Тәуелсіздіктің қуанышы мен үміті бойды билеген халық үшін нақ сол кезде сахналанып, көпшіліктің көзайымына айналатын, елдің рухын көтеретін шедевр туынды керек болды. Сөз бен әрекет арқылы өмір шындығын бейнелейтін драманың театральдық тиімділігі – «оқиғалардың, ой-сезім мен айтылымдардың әсіреленуі», экспрессивтілігі мен «шындыққа ұқсайтындығы» бұл туындының тағдырын айқындады десек болады. Драманың «Жазушы үшін Абылай бойындағы өршіл идеяны патриоттық пафоспен жырлауға прозалық жанр таршылық еткендей.

Сондықтан да қаламгер өз шығармасы үшін драма жанрын таңдаған. Роман мен драмада тақырыптық қайталау кездескенмен, мазмұндық қайталау жоқ. Ең бастысы, драмадағы тартыс табиғаты, драматизм болмысы өзгеше» (Әбіш Кекілбаев. Энциклопедия, 2018: 295).

3. Талқылау

Пьесаның негізгі идеялық желісінде қазақ-жоңғар елдері арасындағы жаугершілік, қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы күресі, Абылай ханның Сабалақ болып жүрген кезінен ұрыста көзге түсіп, абырой-беделге ие болып, хан дәрежесіне көтерілуі мен елінің азаттығы жолындағы ерлік істері мен ел бірлігін қалыптастырудағы еңбегі көрсетіледі.

Шығарманың бас кейіпкері – Абылай хан. «Ол тарихи шындық пен көркемдік сипаттаудың ажырамас бірлігінде, дәуір – тарих – халық сабақтастығында айқын сомдалған драмалық бейне» (Әбіш Кекілбаев. Энцикл., 2018: 299). Пьесада дұшпан әкесін өлтіріп, анасын алып кеткеннен кейін Сабалақ атымен Төле бидің түйесін бағып жүрген жерінен Бахардың өзімен бірге ертіп кеткені, жолда Дәулетбай байдың бала қылып алып қалғаны айтылып өтеді. Содан бастап Әбілмансұрдың өмір жолынан көріністер нақты оқиғалар үстінде көрініп отырады. Шығармада Абылайдан басқа Көмей Әулие (Бұхар жырау), Диуана (Ораз Аталық), ойрат тайшылары Лама Доржы, Сыбан Доржы, Дауашы, Әмір Сана, Қалдан Шеріннің қызы Топыш пен кіші әйелі Күлпәш, Дәулетбай бай, қазақ шонжарлары Қабанбай, Едіге, Шотана, Олжабай, Тұрсынбай мен сұлтандары Малайсары, Бекболат, Ботахан, Жақай, Жанак, Биқше, Әбілмәмбет, Шығай, ойрат батыры Шарыш секілді кейіпкерлер бар. Олар шығармада түрлі деңгейді көрініп отырады. Шығармаға деректік тұрғыдан Абылайдың ойрат батыры Шарышты жекпе-жекте өлтіруі, 1742 жылы жоңғарлардың қолына түсіп қалуы, одан босағаннан кейін үш жүздің ханы болып сайлануы секілді тарихи оқиғалар негізге алынған.

Пьеса төрт көріністен тұрады. «Сайыс» атты бірінші көріністе Көкше өңірі, жаздың бас кезіндегі мамыражай тірлік, думандатқан жастардың көңілді серуеніне Кейуана мен Диуананың толғана, таңдана қарауынан бұл жиынның мәнісін түсінеміз. Кенет әбігер басталып, «Жау! Жау!» деген дауыстар күшейіп, жоңғар қолы пайда болады. Осы ұрыс алдында ойрат батыры Шарыш жекпе-жекке шақырғанда, бұрын көпшілікке беймәлім жас жігіт онымен сайысқа шығып, Қалден Шеріннің баласының басын алады. Абылайдың батырлығымен танылуы осыдан басталады. Көмей әулиенің: «Кім болдың, қарағым?» деген сауалына ол былай деп жауап береді:

Әбілмансұр қойыпты есімімді,
Бал мен удан бұйыртты несібемді.
Құрсақтағы күнімнен қуғын көріп,
Күдік-күмән тербетті бесігімді.
Таптым, міне, іздеген ұшпағымды,
Елең етпей қысталаң-қыспағыңды.
Көк шыбынды көзіңе үймелеткен
Қынадай қып қырармын дұшпаныңды!
Ақ батаңды, атажұрт, берсең болды,

Жатырқамай соңымнан ерсең болды.
Ел деп туған ер болса, ер соңымнан
Көкте Құдай жар болғай, көрде Абылай!
Абылай, Абылай! (Кекілбаев, 2009:200-201)

Екінші көріністе («Арбасу») аң аулап жүргенде қапылыста қолға түскен Абылайдың тас-түнек зынданда жатқандағы жан күйзелісін көреміз. Бұл көріністе Абылай ханның құсадан аласұрған ішкі монологтарына біршама орын берілген.

...Әттең дүние-ай, дәуренім келте болды-ау!
Бақыт құсы басыма ерте қонды-ау!
Ерте қонып, қадірін білмей қалып,
Жендет қолы қапыда желкеге ұрды-ау! (Кекілбаев, 2009: 202)

Жалғыздықтан жапа шегіп, аң ұрған оған сырттан естілетін табалаушы әрі қайраушы дауыстар өткен бабаларының өмірін еске салып өтеді. Ал екінші дауыс оның Шарышты өлтіріп, абыройға бөленгеннен кейінгі кездегі аңғарттығын, алаңсыздығын еске салса, кенеттен пайда болған Кейуана оны сақтық пен сабырға шақырып, жігерлендіре үн қатады:

Сап, сап, батыр, сап, батыр!
Алша мойның талша боп,
Алма басың шаққа тұр.
Сынап бағар ата жау,
Шыдап бағар ер жігіт!..
Жау ордасы кіл майда
Сабыр тап та, сапқа тұр! (Кекілбаев, 2009: 206)

Бұл көріністе, сондай-ақ, жанр шарттылығына сәйкес, драмалық жағдай мен бас кейіпкердің көңіл-күйін бейнелеу және драматизм динамикасын танытатын біршама фрагменттік көріністер бар: Абылайдың зынданға ас алып келген жасауылдардың «хан сарқыты» дегенін алмай, қара суды ішіп, табақтың ішіндегі аузына ілікпеген майды лақтырып тастайтыны; қара түнек ішінен алып жолбарыстың көрінуі; қырық жендеттің қорқыныш тудырмаққа ханды айналып билеуі; нөкер қыздарын ертіп келген Алтын үкілі ару (Топыш) мен Күміс үкілі арудың (Күлпәш) Абылаймен жауаптасуы т.б. Мұндай драмалық-психологиялық комбинациялардың ситуациялық жағдайларға орай өзіндік мәні бар: әрбір көріністің астарында көрермен көңілімен интерпретацияланатын әлеуметтік, психологиялық, философиялық түсіндірмесі жатыр.

«Жағдай дегеніміз – адамның сезімдері, ойы, іс-әрекетімен бірге өзі өмір сүріп отырған ортаның барлық саяси, экономикалық, экологиялық сипаттарын өз бойына сіңірген тарихи ортасы», – дейді А. Иезуитов (Иезуитов, 1962:32). Абылай тұтқын болса да, Қалдан Шеріннің алдында тайсақтамай өршілдігімен, тапқырлығымен, шешендігімен биік тұрады. Оның сауалдарына тартынбай тура жауап береді. Шарыштың қанын арқаладың деп кінәлаған Қалданға:

Қан арқалаған жоқпын,
Қанға қан төктім.
Жанға жан қидым.

Тақтан аударғам жоқ,
Аттан аудардым.
Қайыпта өлтіргем жоқ,
Сайыста өлтірдім.
Өзі мойындаған күнәсі үшін жазаладым.
Жазалыны жазалағаны жазғырмас болар,
Ол – менің алдымдағы құныкер (Кекілбаев, 2009: 217-218), –

деп ұтымды жауап қатады. Оның үстіне ата кегін қуған ұл екенін, елі үшін күресуді өмірлік мақсат қылғанын білдіріп: «Төрт қаруы бойында Төрт бабамның қаны бар. Ешкім зорламай өзі айтты. Естіп тұрып қалай аман жіберем? Менің орнымда өзің болсаң қайтер едің?» – деген қарсы сұрақ қойып мысын басады. Осы жердегі Қалданмен диалогінен Абылайдың шешендігі де, дала халқы құрмет тұтқан сөз күдіреті де жарқырай көрінеді. Абылайдың сөзден тосылмас тапқырлығы, қисын мен ақылға жүгінген шешендігі оны бостандыққа жеткізеді. «Драматург осы тұста сөз күдіретін таныта білген. Баласын өлтірген батырға бостандықты бергізген де сөз күдіреті. Бірін-бірі аңдыған екі батырды бәтуаға, сыйластыққа алып келу – драматург шеберлігі» (Қаз. әдеб. тар., 2005:754).

Қалдан мен Әбілмансұрдың жауаптасуы бірде сұраққа тікелей жауап, енді бірде сұраққа сұрақ түріндегі жауап арқылы қарапайым тұрмыстық жайлардан үлкен елдік мәселелерге ұласатын ақыл-ой сайысын көрсетеді:

ҚАЛДАН: Төбеге шықпаған тауға шыға ма?

ӘБІЛМАНСҰР: Қышымаған тақымға тұлпар бұйыра ма?

ҚАЛДАН: Тауда тарлан ойнай ма, Бағлан ойнай ма?

ӘБІЛМАНСҰР: Тарлан ойнаса – жәрместігінен ойнайды,
Бағлан ойнаса – білместігінен ойнайды (Кекілбаев, 2009:219).

...ҚАЛДАН: Көбею мен күшеюдің басы не?

Азаю мен әлсіреудің басы не?

ӘБІЛМАНСҰР: Жұғысу мен суысу.

ҚАЛДАН: Тау сыртында тау тұрса – қайтеміз?

Жау сыртында жау тұрса – қайтеміз?

ӘБІЛМАНСҰР: Жақын тауға шықпай болмайды,
Жақын жауды ұқпай болмайды (Кекілбаев, 2009: 220).

Мұндай Қалданның астарлы сұрақтарына Әбілмансұрдың тапқырлықпен жауап қатуынан сөзді қадірлеп, оны культтік деңгейге көтерген көшпенділер мәдениетінің мәйегі – шешендіктің тамаша үлгісін көреміз. Абылайдың жауабына риза болып, айбаты мен қайратына сенім артқан Қалдан ел іргесінің тыныштығын ойлап оған бостандық береді, қызы Топышты қосып еліне қайтарады. Тұтқында жатқанда өзіне көмекке келген Күлпәшпен көңіл жарастырып, одан Әмір Сана дүниеге келгенін кейінгі көріністерден білеміз.

«Нар тәуекел» аталатын үшінші көріністе Абылайдың тұтқыннан босап келгеннен кейін хан сайлануы мен содан кейінгі оқиғалар суреттеледі. Мұнда драмалық тартыс шиеленісіп, Абылай бейнесі мейлінше ашыла түседі. Кейуананың: «Оқпен сынаған батырды бақпен сынап көрейік» дегеніндей, ел басқару ісінде қым-қуыт әрекеттердің көрінетін тұсы осы.

Ел жолында еркек тоқтымын,
Құрбандыққа шалам басымды.
Өлімнен қорқып көргем жоқ,
Алайда аңқау жұртымды.
Жатқа есесін жібермес
Іргелі ел қылып үлгерем деп,
Ғұмыр мен жігер тілеймін
Күні-түні құдайдан.
Үлгермесем тәңірден
Ізімді басып, ісімді алға апарар
Алғыр ұрпақ сұраймын (Кекілбаев, 2009: 236), –

деп алдына асқақ мақсат қойған ханның ішкі ойлары, көптеген елшілерді қабылдауы барысында көрінетін еларалық мәселелер, Абылайдан пана сұрай келген Әмір Санаға қатысты ханның бір шешімге келу жолындағы басқатыруы шығарма желісінің ширығуын көрсетеді. Абылайдың Қалданның тоқалы Күлпәштан туған баласы Әмір Сананы қытай, орыс пен жоңғарлардың өз елдерінің мүддесіне пайдаланбаққа іздеу салып, сұратып жатқанда ұтымды шешім шығару оңай болмайды. Оның үстіне Ботахан мен Жақай сияқты қазақ сұлтандары Әмір Сананы өз қолына алып, ойраттың қаһарын өздері қайтармақ боп дікендеп, ханға «қаңғып келген жалаңбұт сарт» деп тіл тигізуге дейін барады. Ақыры хан Ботаханды зынданға тастатып, Жақайды атқа өңгеріп еліне қайтарады. Бірақ олардың соңына ерген қалың ел Абылайдың түпкі ойын түсінбей, бұған қарсы шығып, реніш білдірді. Абылай халықпен ақылдаса отырып елді бітістіретін, татулыққа шақыратын амал табуды көздейді. «Қапы қалсақ бұл жолы, Қазақ сазға отырады біржола. Осы жолы қайран тапсақ – болғанымыз, Таба алмасақ – бордай тозғанымыз», – деп өзі айтқандай, елді біріктіретін сындарлы жол іздейтін кез туады.

«Жорық» атты соңғы көріністе Бұқар жырау екі тарапқа тоқтау қойып:

...Ел болам десең сен, алаш,
Хан ұстасаң, билік бер,
Киліге берме аузына,
Шүйліге берме алдында,
Томағасын сыпырмай,
Сұңқарыңды қинама,
Тұсаулы шауып бәйге ал деп,
Тұлпарыңды қинама,
Аяқ-қолына ерік бер,
Сынамақ болсаң еріңді,

Қиын жерде сеніп көр! (Кекілбаев, 2009: 280-281) –

деп, билер мен батырларды және олардың соңына ерген халықты бір тудың астына бірігуге шақырады. Қаймана қазақты бірлікке, татулыққа шақыру үшін ел жақсыларының алдына шыққан Абылайдың шонжарлар мен сұлтандармен ақылдасып, соңына ергелі тұрған халқына адал еңбекпен бейбіт өмір сүруге үндейді. Болашақ ұрпағының өркениетті жұрттармен терезесі тең, еңбекпен көгерген ел болуын ойлайды.

Найза ұстасақ – қол қысқа,
Найзаға емес, қайлаға иіп қара жер,
Күрзі емес, күрек күпті болып жүр;
Қан төккенді емес, тер төккенді
Қарқ кылып жатыр Жер-Ана.
...Білекке сенер заманда –
Ешкімге есе бермедік,
Білікке сенер заманда –
Қапы қалмай жүрмейік! (Кекілбаев, 2009: 295-296) –

деген сөзінен елінің болашағын алыстан ойлайтын даналығын көреміз.

4. Нәтижелер

Абылай пьесада қашан да елдік істерді бірінші орынға қойып, жеке бас мүддесін екінші планға ығыстырып отырады. Ел ішіндегі бітпейтін дау-шарларды да ел мүддесі тұрғысынан шешуді ойлады. Әмір Сананы қанша жақсы көрсе де, оған пана бола алмай, орыс елшілерінің қолына тапсырады. Драмада соғыс пен бітімнің, сезім мен ақыл-ойдың, рух пен нәпсінің арасындағы бітіспейтін арпалыс-майдан кең көрініс тапқан. Осылайша Абылай түрлі қиын сынақтардан өтіп, елінің бейбіт тағдырын қорғап қалады.

Пьесаның әлеуметтік-психологиялық сипатын арттырып тұрған көркем-психологиялық тәсіл – тарихи тұлға Бұқар жырау (Көмей әулие, Кейуана) мен дәруіш (Диуана, Ораз Аталық) образдарының қолданылуы. Бұлар – пьесадағы оқиғаларға қосымша әлеуметтік мазмұн мен психологиялық мән үстеп отыратын жанама кейіпкерлер. Кейуана пьесаның басынан соңына дейін ара-тұра бой көрсетіп, Абылайдың ел басқару ісіне ұдайы ақыл-кеңесін беріп, ел тағдырына алаңдайтын парасат иесі, ел болашағын болжаған данагөй ретінде көрінеді.

Шығармада драматург сол кездегі қазақ халқының әлеуметтік өмірін, ұлттық мінезі мен болмыс-бітімін жан-жақты ашып көрсетеді. Жазушы драманың жанрлық мүмкіндіктерін жақсы пайдаланып, шығармашылықпен жасанта білген. Оған автордың әлемдік драматургияны зерделеп көп оқығаны әрі қазақ тіліне аударған тәжірибесі де көмектескені сөзсіз. Әрбір тарихи кезең әдебиет пен өнер шығармаларына да өз бедерін қалдырып отырады. Әр суреткердің өнер туындысына өз ізденісімен келері хақ. «Кейбір бұрынғы әдеби тәсілдер қазір мән-маңызын жоғалтуда. Бүгінгі оқырманға олар қызық болмауы мүмкін. Жазушыға қайсыбір эпосты сахналау үшін үлкен тәжірибе, мол білім және жоғары көркем мәдениет қажет. Осы құрауыштардың бірінсіз эпосты сахналау мүмкін емес. Алайда шығармашылық, даралық және бірегейлік те қажет-ақ» (Koblanov, Kabylov, 2013: 43). Ә.Кекілбаев та классикалық драматургияға өзіндік ұлттық нақыш пен шешендік үлгілерін, ұлттық айшықтарды, театрлық шарттылық элементтерін қосып, тиімді жол тапқанын көреміз.

Драматург бас кейіпкер Абылайдың бейнесін жан-жақты ашумен қатар, өзге де кейіпкерлер арқылы сол замандағы қазақ қоғамының тынысын шеберлікпен жеткізе білген. «Шекспир мен Достоевский әр шығарма финалының алдында әрбір кейіпкер мен олардың іс-әрекеті қисындылығының бейімделу дәрежесін көрсетіп отырады» (Movsesian, 2020), – дегендей, Ә.Кекілбаев драмасындағы көркемдік

шешім персонаждар іс-әрекеті мен жағдайдың логикалық дәлелділігіне сай келіп, оқырманды (көрерменді) сендіреді. Пьесаның идеялық, көркемдік шешімі – бейбіт бітімге қол жеткізіп, тыныштық, жақсылық салтанат құратын заманды бағыт алу, халқын соңына ерте білген Абылайдың елбасшылық миссиясын көрсету. Ол еліміздің келешегіне де меңзеп, ұлтты бірлік пен ынтымаққа шақырып тұрғандай. Шығарма финалындағы хормен орындалатын:

Қыспақты көп көрген қазақпыз,
Көрсек те көнбедік – ғажаппыз.
Ен дала, еркіндік перзенті
Әуелден бостанбыз, азатпыз...
Ел қазақ, еркін бас, алға бар,
Садаға арға – жан, жанға – мал.
Ар менен азаттық жолында
Бола гөр, Алла жар, Алла жар! (Кекілбаев, 2009: 299) –

деген жолдар азаттық пен елдікті ту еткен гимндей қабылданады.

«Драма тілі тұжырымды, қысқа, түйінді болады. Өйткені романда бір бетке суреттелетін шындық пен суретті пьесада бір ауыз сөзбен беру қажет. Ал әр сөз, әр сөйлем шындықты ғана емес, сол сөзді айтқан кейіпкердің мінезін аңғартуы керек; әр адамның сөзі өзін танытуы шарт» (Қабдолов, 1982: 332), – дейді З.Қабдолов. Шығарманың идеялық-композициялық желісіндегі кейіпкер сөздері арқылы олардың мінез-құлық психологиясы даралана бейнеленуімен ерекшеленеді. Кейіпкер сөздері қысқа да тұжырымды болып, мінез-болмысты ашуға қызмет етеді. Жазушының шебер тілі қазақтың шешендік дәстүрімен астасып, кейіпкерлер тілінің шырайын келтіріп отырады. Автор қазақтың толғау, айтыс, салт өлеңдерінің үлгілерін жаңғырта пайдалана білген. Қазақтың дәстүрлі тіршілігіндегі би-шешендер мен бай-сұлтандардың сөйлеу машығы, қарым-қатынас дағдысы өз көрінісін тапқан. Бұхар жырау сияқты тіл жүйірігінің насихат-толғаулары да елшілдік сарынымен әрі көркемдік қасиетімен көрермендерді тәнті етіп отырады. Пьесадағы түрлі деңгейдегі әр кейіпкер мүмкіндігінше өзіндік болмысымен көрінеді. Мысалы, кейбір шонжарлар мен сұлтандардың батырлық, намысшылдығымен қатар кейде аңғалдығы, ұрда-жық өркеуделік те аңғарылады, ал әйелдер бейнесінен Топыштың сөздері мен әрекетінен екіжүзділік пен сайқалдықты, Күлпәш бейнесінен мінезге бай, сезімге берік нәзіктікті көру қиын емес. «Драманың жанрлық табиғатын, бітім-сипатын танығанда әманда назар аударып, көңіл бөлетін үш буын бар, – дейді академик Р.Нұрғалиев, – Олар: драмалық тартыс; драма композициясы; драма мен театр байланысы» (Нұрғалиев, 1986: 145). «Абылай хан» драмасынан біз жанр болмысын айқындайтын осы үш сипаттың берік байланысын көреміз.

5. Қорытынды

«Абылай хан» атты халықтық-қаһармандық сахналық дастаны еліміз тәуелсіздік алған тұста жазылып, алғаш рет «Егемен Қазақстан» газетінің 1997 жылғы 29 қарашасындағы санында және «Жалын» журналының соңғы сандарында жарияланды. Осы драмалық дастанның тұсаукесер көрсетілімі Астана қаласында өтсе, 1998 жылы М.Әуезов атындағы академиялық драма театрында сахнаға шығарылып,

спектакль ел тарихын білуге ұмтылған көрермендерді дүр сілкіндірген үлкен тарихи оқиғаға айналды. Бұл қойылым туралы жазушы Ш.Бейсенова: «Спектакль әркімнің де жігерін жанып, көңілінде тұтанған ұлттық сана ұшқынын қанаттандырып, елдігімізді, тәуелсіздігімізді асқақтата түскендей», – деп жазды (Бейсенова, 2009: 96). Ал жазушы Б.Тоғысбайұлы пьесаға: «Тарихты терең білетін көрнекті жазушымыз Әбіш Кекілбаев ел басына күн туған сонау қилы заманды бір пьеса емес, бірнеше томдық романға лайық оқиғаларды шетінен тізіп баяндамай, үлкен философиялық ой-тұжырыммен көз алдымызға келтіріпті. ...Негізгі идея ел тағдыры, жер тағдыры бола тұра, басты кейіпкерлердің жеке тағдыры да кең қамтылған», – деп әділ баға берді (Тоғысбайұлы, 1999).

Әдебиет, «нағыз әдебиет» мыңдаған жылдар бойы рухани азық, пайдалы мұра болып келеді. Баспа өнімдерін тұтыну азайғанымен, бір кездері қолжазбалық мәдениеттің баспа мәдениетіне ауысқанындай, әдебиет те заманға бейімделе түспек. Бұқаралық ақпарат құралдарының басым пайдаланылатынына қарамастан, үздік мәтіндер өмір сүре береді (Вумп, 2021:1). Әдебиет пен өнердегі драмалық шығармалардың өзіндік орны мен маңызын айтып жату артық. Әсіресе, тарихи тақырыпқа жазылған драмалық шығармалардың көркемдігі мен танымдық-тәрбиелік маңызы орасан. «Әрбір драматург тарихи тақырыпқа қалам тарту арқылы өткен заман оқиғаларын суреттей отырып, өзі өмір сүріп отырған кезеңнің болмысын, ұлттың рухын кейінгі ұрпаққа жеткізуді көздеген, бүгінгі қоғамның дамуына, ұлт болашағына, мемлекеттің ертеңіне тигізетін кеселге көрерменнің ой-санасын кешегіні айту арқылы бұрып отырған. ...Сахна құдіреті – тарих ғылымында ашылмай қалған жеке адамның ішкі байлығын, ерекшелігін ашып көрсетуімен құнды. Сондықтан театр өнері көрермендердің өткен тарихқа деген қызығушылығына, тарихи фактілер мен тұлғаларға деген көзқарасының қалыптасуына ықпал жасайды» (Еркебай, 2019: 230).

Қорыта айтқанда, «Абылай хан» халықтық-қаһармандық драмалық дастаны тәуелсіздік кезіндегі қазақ әдебиетінің, оның ішінде ұлттық драматургиямыздың шоқтығы биік бір белесі болып, әдебиет тарихынан орын алары сөзсіз. Абылай секілді ұлы тұлғалардың отансүйгіш қасиетін, ғұмыр бойы елі үшін еңбек етіп, ат үстінде атой салып күн кешкен патриоттардың үлгі-өнегесін жас ұрпақтың санасына сіңіру парыз. Аталмыш драма жастар үшін тарихымыздағы ұлт тағдыры шешілер тұстағы дара тұлғалардың ерен ерлігі мен елеулі еңбектерінен ғибрат аларлық, патриоттық рухта тәрбиелеуге ықпал етерлік осындай маңызды туындылардың бірі деп білеміз.

Әдебиеттер:

1. Әбіш Кекілбаев. Энциклопедия. Бірінші том. Шығармашылығы. – Алматы. Арыс, 2018. – 800 б. ISBN 978-601-291-378-1
2. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы. Атамұра, 2003. – 208 б. ISBN 9965-05-870-9
3. Бейсенова Ш. Азаттық жолы – азапты // Әбіш Кекілбаев әлемі және қазіргі заман. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Астана, 2009. – 464 б. ISBN 9965-35-829-X
4. Bump, Jerome F.A. (2021) The Value of Literature Now and in the Future // Literature. 1. – pp. 41-42. <https://doi.org/10.3390/literature1010005> <https://www.mdpi.com/journal/literature>

5. Дәркенов Қ. Әбіш Кекілбаев шығармасындағы тарихи тұлғалар бейнесі // Әбіш Кекілбаев және ұлы дала ұлағаты. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Нұр-Сұлтан, ЕҰУ, 2019. – 299 б. ISBN 987-601-337-236-5
6. Еркебай А. Әбіш Кекілбаевтың «Абылай хан» тарихи драмасының сахналық интерпретациясы // Әбіш Кекілбаев және ұлы дала ұлағаты. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Нұр-Сұлтан, ЕҰУ, 2019. – 299 б. ISBN 987-601-337-236-5
7. Иезуитов А.И. Проблема характера в советской прозе. – М.–Л.: Советский писатель, 1962. – 415 с.
8. Кекілбаев Ә. Дүние ғапыл. Өлеңдер мен драма. – Алматы. Арыс, 1999. – 304 б. ISBN 9965-447-18-7.
9. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы. Мектеп, 1982. – 366 б.
10. Қазақ әдебиетінің тарихы. 9-том. «Қазақпарат» баспа корпорациясы. – Алматы, 2005. – 528 б. ISBN 9965-654-25-5
11. Қирабаев С. Әбіш Кекілбаев – суреткер // Әбіш Кекілбаев және замана шындығы. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы. Қазақ университеті, 2009. – 343 б.
12. Koblanov Zh, Kabylov A. (2013) Analysis of Gabit Musirepov's Tragedy Kozy Korpesh-Bayan Sulu // Middle-East Journal of Scientific Research 13 (Socio-Economic Sciences and Humanities): pp. 43-46. [https://www.idosi.org/mejsr/mejsr13\(sesh\)13/9.pdf](https://www.idosi.org/mejsr/mejsr13(sesh)13/9.pdf)
13. Movsesian A. (2020) The Poetics of Schism: Dostoevsky Translates Hamlet // Humanities. 9, 111; doi:10.3390/h9030111. <http://www.mdpi.com/journal/humanities>
14. Нұрғалиев Р. Телағыс. Әдеби дәстүр және әдеби даму. Монография. – Алматы. Жазушы, 1986. – 364 б.
15. Тоғысбайұлы Б. Елдік пен ерліктің асқақ жыры // Қазақ әдебиеті. 5 ақпан, 1999.

References:

1. Abish Kekilbayev. (2018) Encyclopedia. The first volume. Creativity. – Almaty. Arys. – 800 p. ISBN 978-601-291-378-1 (in Kaz).
2. Baitursynov A. (2003) Literature. Research and poems. – Almaty. Atamura. – 208 p. ISBN 9965-05-870-9 (in Kaz).
3. Beisenova Sh. (2009) The liberty – a heavy road // Abish Kekilbayev world and modern times. Materials of the international scientific-practical conference. – Astana. – 464 p. ISBN 9965-35-829-H (in Kaz).
4. Bump, Jerome F.A. (2021) The Value of Literature Now and in the Future // Literature 2021, 1, – pp. 41-42. <https://doi.org/10.3390/literature1010005> <https://www.mdpi.com/journal/literature> (in Eng).
5. Darkenov K. (2019) The image of historical figures in the work of Abish Kekilbayev // Abish Kekilbayev and the great steppe. Materials of the international scientific-practical conference. – Nur-Sultan, ENU. – 299 p. ISBN 987-601-337-236-5 (in Kaz).
6. Erkebay A. (2019) The stage interpretation of the historic drama of Abish Kekilbayev «Abylai Khan» // Abish Kekilbayev and the great steppe. Materials of the international scientific-practical conference. – Nur-Sultan, ENU. – 299 p. ISBN 987-601-337-236-5 (in Kaz).
7. Jesuitov A.I. (1962) The problem of character in Soviet prose. – M.-L.: Sovetskij pisatel. – 415 p. (in Russ).
8. Kekilbayev A. (1999) The world is wild. Poems and drama. – Almaty. Arys. – 304 p. ISBN 9965-447-18-7 (in Kaz).
9. Kabdolov Z. (1982) The art of words. – Almaty. Mektep. – 366 p. (in Kaz).
10. History of Kazakh literature. (2005) Volume 9. «Kazakparat» baspa korporacijasy. – Almaty. – 528 p. ISBN 9965-654-25-5 (in Kaz).
11. Kirabayev S. (2009) Abish Kekilbayev – artist // Abish Kekilbayev and a modern reality. Materials of the international scientific-practical conference. – Almaty. Kazak university. – 343 p. (in Kaz).
12. Koblanov Zh, Kabylov A. (2013) Analysis of Gabit Musirepov's Tragedy Kozy Korpesh-Bayan Sulu // Middle-East Journal of Scientific Research 13 (Socio-Economic Sciences and Humanities): – pp. 43-46. [https://www.idosi.org/mejsr/mejsr13\(sesh\)13/9.pdf](https://www.idosi.org/mejsr/mejsr13(sesh)13/9.pdf) (in Eng)
13. Movsesian A. (2020) The Poetics of Schism: Dostoevsky Translates Hamlet // Humanities. 9, 111; doi:10.3390/h9030111. <http://www.mdpi.com/journal/humanities> (in Eng)
14. Nurgaliyev R. (1986) Two travels. Literary tradition and literary development. Monograph. – Almaty. Zhazushy. – 364 p. (in Kaz).
15. Togysbajuly B. (1999) The psalm of the country and courage // Kazak adebieti. 5 February. (in Kaz)